

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : № 46 «Балбұлақ» бөбекжай

Топ: №1 «Балдырған»ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.12 - 06.12.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____Таменова С.Ж

Қыркүйек- «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» айы.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Күй күмбірі- «Адай» күйі	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Күй күмбірі- «Адай» күйі	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Күй күмбірі- «Адай» күйі	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Күй күмбірі- «Адай» күйі	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Күй күмбірі- «Адай» күйі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері"	"Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы"	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	"Балабақша ережелері"	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсаты: Балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру. Қауіп. ережесі: «Терезеден қарама» Мақсаты: Балаларға ашық терезен құлап кетуі, сынып кетуі мүмкін екенін, үйдегі және бақшадағы қауіпсіздік	«Күшіктердің үйін тауып бер» Мақсаты:Балалардың зейінінтұрақтандыру,түстер діажыратуға,қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қауіп.ережесі; «Өрт тілсіз жау» Мақсаты:Балаларға сіріңкені ұстауға , ойнауға болмайтынын түсіндіру,қауіпсіздік	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қауіп. Ережесі: «Жолға шықпа» Мақсаты:Балаларға көлік жүретін жерде ойнамауды,бағдаршам түстеріне қарап, жаяу жүргінші ережесін үйрету,өз қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.	Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа еңсек. Ойнаймыз аулада, Тебеміз әткеншек. Б. Кірісбаев. Қауіп. ережесі: «Бөтен адамға есік ашпа» Мақсаты:Балаларға үйде жалғыз қалмауды,танымайтын	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Қауіп. ережесі: «Электр қуатымен ойнама» Мақсаты: Балаларға тоқпен ойнауға болмайтынын,жақындауға болмайтынын ұғындыру.

	ережелерін түсіндіру.Үлкендердің қадағалауынсыз жүрмеуді ұғындыру.	ережелерін түсіндіру.		адамға есік ашпауды, бөгде адамның сзаттарын алмауды түсіндіру.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін арттыру,зейінін тұрақтандыру,қызығушылығын дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.	"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Әдемі сап түзейміз!"Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі саптүзепжүру,педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу,	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде	Дене шынықтыру "Етпетімен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету.	Қазақ тілі "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тындап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және	Дене шынықтыру "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің арғынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға

	жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашық аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығ. орындау; ұйымда-н іс-әрекетке қызығу-ын ояту. Вариативтік бөлім: Монтессори	аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту, эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.		қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру	үйрету; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көлеңкені бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Абай Құнанбайұлы "Көлеңке басын ұзартып". Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса... Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің қара, сұр түсті ғана болатынын байқату.	Аула құстарын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Торғай, торғай тоқылдақ, Жердентары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шик-шик етіп отыраp. Торғай-торғай тоқтаған. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету.	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Бала-ға аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлтқозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншықтарға допты ақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лак» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады). Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың киімдерін киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. (сөйлеуді дамыту)	"Ойыншықтарды жинайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.	"Доппен жаттығу". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру; ұйымдастырылған іс-әрекетте шығармашылыққа баули отырып, ермексаздан доп жасаудың тәсілдерін үйрету; шығармашылық жұмысты топпен орындауға дағдыландыру; ермексаздан допты жасауда икемділікке баулу; доптың қасиеттері жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.	"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: жиназ және оның мақсаты туралы білімді бекіту. (сөйлеуді дамыту)	"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды жаттықтыру, тілдерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	"Тіл ұстарту. ""Кім не істейді?"" Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. (сөйлеуді дамыту)"	«Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді қабылдауларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. (көркем әдбиет)	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)</p> <p>Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгіністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері"	"Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы"	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	Әңгімелесу. "Балабақша ережелері"	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: № 46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: № 1 «Балдырған» ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.12 - 13.12.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: _____ Таменова С.Ж

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Тату болса – ағайын жақын, Адал болса – дос жақын. Қазыбек Келдібекұлы					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
Ата-аналармен әңгіме, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?"				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру. "Мемлекеттік рәміздер". Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету.	"Топ-топ басайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету	"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	I-Жүру, жүгіру жаттығулары (доппен) II-Жалпы дамыту жаттығулары 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.				

	<p>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшак, доп ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады)</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: зырылдауықты үпіреміз.</p>				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	<p>"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Біздің ел" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Патриоттық сезімді арттыруға, Отан туралы бейнефильм көрсету, тақпақ жаттау, ән айту. (музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<p>Дене тәрбиесі</p> <p>"Жайна елім менің!"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Вариативтік бөлім:</p> <p>Монтисори</p>	<p>Музыка</p> <p>"Тәуелсіз елім"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету</p>	<p>Дене тәрбиесі</p> <p>"Мен - чемпион".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен арақашықтықта отырып, аяқты алшак ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту.</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>"Қыс қызығы".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру</p>	<p>Дене тәрбиесі</p> <p>"Тәуелсіз елім"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету.</p>
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты</p>	<p>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту;</p>	<p>Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін</p>	<p>Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру;</p>	<p>Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау;</p>

	<p>туралы білімдерін кеңейту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см). (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.</p>	<p>сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.</p>	<p>кеңейту; сөздік қорын молайту. "Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ауыспалы кадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: секіру жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту</p>	<p>оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p>балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Еңбек әрекеті: ауланы қурап түскен жапырақтардан тазарту. Мақсат-міндеттер: бастаған істі аяғына дейін жеткізу "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.				
Күндізгі ұйқы	Кімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйретуді жалғастыру.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. <p>Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жаттамақ жаттығуы. Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлық той! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қыс" мезгілі тақыр-да суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.</p>	<p>"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.</p>	<p>"Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту)</p>

Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгіністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру
Балалардың үйге қайтуы	Психолог кеңесі. Мысалы "Ойыншықты дұрыс тандау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: № 46 «Балбұлақ» бөбекжай

Топ: № 1 «Балдырған» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.12 - 20.12.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____ Таменова С.Ж

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады.					
Балаларды қабылдау	16 - желтоқсан Тәуелсіздік күні	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»			
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		Сурет салудан ойын-жаттығу "Аяз атаның қабы". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.	"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.	"Үздіксіз ізде" (іздеу). Мақсат-міндеттер. Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (танымдық дағдылар)	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу
Ертеңгілік жаттығу		I - Жүру, жүгіру жаттығулары. II – Жалпы дамытушы жаттығулар 2.1. Б.қ.аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.2. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды 2.3. Б.қалып. (4-5 рет) қайталанады 2.4. Б.қ.аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.5. Қолдарын иыққа көтеріп, иыққа қояды. 2.6. Б.қалып. (4-5 рет) қайталанады			

		<p>2.7.Б.к. жерде отырады,аяқ алшақ,доп ұстаған қолдар екі жағында 2.8..Аяқтарын жинап доп ұстаған қолдарымен құшақтайды 2.9. Б.қалып.(4-5 рет) қайталанады 2.10. Б.қ.аяқ алшақ,дене бос ,қол төменде 2.11.Доптарын көкірек тұсында ұстап,бір орында тұрып сеіреді III – Тыныс алу жаттығуы: «Шарды үрлеу»</p>			
Таңғы ас		<p>Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.</p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық		<p>Аяз ата туралы тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Шырша туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Жасыл шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ		<p>Музыка "Көңілді машина". Максат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту</p>	<p>Дене тәрбиесі "Қош келдің, Жаңа жыл!" Максат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту</p>	<p>Қазақ тілі "Қыстағы ойын - сауық түрлері" Максат-міндеттер. Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолданып қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.</p>	<p>Дене тәрбиесі "Қыста дөңнен сырғанаймыз". Максат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру.</p>
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
